

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасы төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 109 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 6 қазанда № 7237 тіркелді

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есепті жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік е с е п т і ң ү л г і ш о т ж о с п а р ы н д а :

1 - т а р а у д а :

1661-шоттан кейін мынадай мазмұндағы шотпен толықтырылсын:  
«1662 Инвестициялық мүлік»;

2 - т а р а у д а :

2864-шоттан кейін мынадай мазмұндағы шотпен толықтырылсын:  
«2865 Шығарылған электрондық ақша бойынша міндеттемелер»;

5 - т а р а у д а :

5753-шоттан кейін мынадай мазмұндағы шотпен толықтырылсын:

«5754 «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамына жарналар түріндегі шығыстар»;

8 - т а р а у д а :

1201-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«Шоттың мақсаты: Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке

алынатын бағалы қағаздардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздардың сатылған кездегі құнын есептен шығару, сондай-ақ олардың құнын № 1202 баланстық шотқа жатқызу немесе бағалы қағаздарды басқа санатқа аудару жазылады.»;

1452-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«Шоттың мақсаты: Нарықтағы сыйақы ставкалары, бағалы қағаздар бойынша кірістілік, өтімділікті ұстап тұру қажеттілігі өзгерген жағдайда сатылуы мүмкін бағалы қағаздардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар бағалы қағаздардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздардың сатылған кездегі құнын есептен шығару, сондай-ақ олардың құнын № 1459 баланстық шотқа жатқызу немесе бағалы қағаздарды басқа санатқа аудару жазылады.»;

1661-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1662-шоттың атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

«1662. Инвестициялық мүлік (актив).

Шоттың мақсаты: Инвестициялық мүліктің, сондай-ақ оларды мақсаты бойынша пайдалануы үшін жұмыс күйіне келтірумен тікелей байланысты шығыстардың құнын ипотекалық ұйымдардың есепке алуы.

Шоттың дебеті бойынша инвестициялық мүліктің, сондай-ақ оларды мақсаты бойынша пайдалану үшін жұмыс күйіне келтірумен тікелей байланысты шығыстардың құны, сондай-ақ қайта бағалаудың оң сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша инвестициялық мүліктің, ол істен шыққан немесе пайдаланудан біржолата алынған кездегі құнын есептен шығару, сондай-ақ қайта бағалаудың теріс сомасы жазылады.»;

2864-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2865-шоттың атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

«2865. Шығарылған электрондық ақша бойынша міндеттемелер (пассив).

Шоттың мақсаты: Эмитент банктің шығарылған электрондық ақша бойынша міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жеке тұлғалардан немесе эмитент банктің агенттерінен алынған ақша сомалары шегінде банк шығарған электрондық ақша сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша электрондық ақшаның сомаларын оларды өтеген кезде есептен шығару жазылады.»;

5753-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 5754-шоттың атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

«5754. «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамына жарналар түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік

қоғамына міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды жүзеге асыру бойынша шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамына міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды жүзеге асыру бойынша шығыстар сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомаларын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

Төрағасы

*Г. Марченко*